



Автор: Әлиасқарова Мейрамкүл Қуанышбекқызы
Пән: Қазақ әдебиеті
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Адамгершілік - асыл қасиет
Тақырып: Ахмет Байтұрсынұлы «Адамдық диқаншысы» өлеңі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.1. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау 5.2.4.1. Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: Тапсырмаларды орындау арқылы өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашады; Оқушылардың көпшілігі орындай алады: өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтайды, өзіндік ойларын айтады; Кейбір оқушылар орындай алады: өлең тақырыбы мен идеясын аша отырып, өмірмен байланыстырады, дәлелдер келтіреді, алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Шығармадан алған әсерін көркем тілмен бере біледі; Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Адамдық диқаншысы, еңбек, бейнет, зейнет Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Ақын өлеңді неліктен «Адамдық диқаншысы» деп атады? 2. Диқаншы деген кімдер? 3. Диқаншы мен «Адамдық диқаншысы» өлеңінің арасында қандай байланыс бар?
Бағалау критерийлері:	- Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтай алады; - Тақырыпқа қатысты өзіндік ойларын айтады; - Өлең идеясын өмірмен байланыстыра алады; - Алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазады.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының «Зайырлы қоғам және жоғары руханият» атты тармағы сабақ барысында іске асырылады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ-ның әдістерін тиімді пайдалану, білім беру мен тәрбиелеуде BilimLand ресурстарын ұтымды қолдана білу
Пәнаралық байланыс:	тарих
Бастапқы білім:	Ахмет Байтұрсынұлы өмірі мен шығармашылығы жайлы танысу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Шаттық шеңбер» арқылы психологиялық ахуал туғызу. «Сендер білесіңдер, бірақ білмейсіңдер!» Мысалы: Сендер білесіңдер менің бұл сыныпта оқитынымды, бірақ білмейсіңдер өлең жазатынымды т.с.с.)	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (5- 30 мин)	BilimLand ресурсы Ахметтің өмірі мен шығармашылығын тыңдау. «Адамдық диқаншысы» өлеңін тыңдайды. Оқушылар шумақтарын кезектесіп оқиды Ж/А. 1-тапсырма. Өлеңді «Кубизм» әдісін қолдана отырып жан-жақты талдайды. 1-топ: ТҮСІНУ. Автордың өлеңде айтқысы келген негізгі ойын түсіндіріп айтыңыз. 2-топ: ҚОЛДАНУ. Қазіргі уақытта адамдық диқаншысы секілді қандай адамдарды білесіңдер? 3-топ: ТАЛДАУ. «Адамдық диқаншысы» мен «Қыпшақ Сейітқұл» шығармаларын талдап, салыстырыңыз. Дескриптор: Берілген өлеңді талдай алады; салыстыра алады; шынайы өмірмен байланыстыра алады. ҚБ: «Шапалақ соғу» әдісі. Сергіту сәті: (Жаттығу жасайды) Орнымыздан тұрамыз, Алақанды ұрамыз. Бір отырып, бір тұрып, Тез шынығып аламыз. 2-тапсырма. «Хат, өлең жазу» әдісі /imektep.kz/ Өлең мазмұнына сүйене отырып, өз әсерін сипаттап, әңгіме авторына хат не өлең жазу. Мақсаты: Хат, өлең жазу барысында өзіндік пікірін білдіру. Кейіпкерлер өмірін шынайы өмірмен салыстыра алу. Дескриптор. 1) Өлең мазмұнына сүйене отырып, өз әсерін сипаттап, авторға хат жазады. 2) Хат жазу барысында өзіндік пікірін білдіреді. 3) Ойын жинақтап, 1-2 шумақ өлең жазады. 4) Кейіпкерлер өмірін шынайы өмірмен салыстыра алады. ҚБ: «Бағалау сэндвичі». Жұпта оқушылар бір-бірінің хатын оқиды, дәптерлеріне кері байланыс жазады. (Маған ұнады, себебі Енді/Келесі жолы ... жетілдіруге болады деген ойдамын. Сонымен қатар ... жақсы шыққан, себебі ...) https://imektep.kz/kz/oz-oyin-bildiru	BilimLand ресурсы https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/axmet-bajtursynovtyng-omiri-men-shyharmashylyhy https://www.youtube.com/watch?v=cl3lFfIPuNY https://imektep.kz/kz/olen-zhazu https://imektep.kz/kz/oz-oyin-bildiru
Сабақтың соңы (30-35мин)	ЖИНАҚТАУ. «Адамдық диқаншысы – Ахаң» Bilimland.kz білім беру платформасын тыңдау. “Бұл жауабы болса, онда сұрақ қандай болады?” әдісі арқылы әр топқа жауап сөз беріледі. Осы сөздерге сұрақ дайындайсыңдар? Адамдықтың тұқымы. Диқаншы. Ақын. 1. Өлеңдегі адамдық диқаншысы, адалдық нұрын себуші кім? 2. Ақын кімге қызмет етуді қалайды? 3. Адамның қандай қасиеттерін көрсетпек болған? 4. «Жасық болмай, асық бол» дегенді қалай түсінесіңдер? 5. Қазіргі қоғамға қандай қасиеттерге ие адамдар қажет? Бекіту кезеңіндегі орындалатын тапсырмалар https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/axmet-bajtursynovtyng-omiri-men-shyharmashylyhy сілтемесі арқылы, тапсырмалар мен тест жұмысымен қорытындылау. Дарынды оқушылар үшін А.Байтұрсынов жайлы мына сілтемеден тест тапсырмасын орындау. https://itest.kz/kz/test/542983076	https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/axmet-bajtursynovtyng-omiri-men-shyharmashylyhy https://itest.kz/kz/test/542983076

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (35-40)	Осы bilimland.kz білім беру сайты қолданудың ерекшеліктеріне, тиімділігіне топтағы бірнеше оқушы «Бағдаршам» әдісі бойынша шағын кері байланыс жасайды, өз ойын білдіреді Кері байланыс: Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы кері байланыс жүргізіледі. 1. Сабақтан алған әсерім... 2. Сабақта мен үйрендім... 3. Сабақта үйренгендерім өмірде қажет/қажет емес деп ойлаймын. Себебі... 4. Сабақта мен үшін ең қызықты болған... 5. Сабаққа қатысты ата-анаңа немесе достарыңа қандай мәлімет берер едің?	